

**"Консервілер, пресервілер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 қарашадағы № 1201 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 189 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2021 № 189 қаулысымен.**

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Консервілер, пресервілер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 15 қарашадағы  
№ 1201 қаулысымен  
бекітілген

**«Консервілер, пресервілер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламент**

**1. Қолданылу саласы**

1. Осы «Консервілер, пресервілер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) Қазақстан Республикасының аумағындағы айналымда және:

1) еттен, ет өнімдерінен;

- 2) балық, уылдырықтан;
- 3) аквадақылдардан;
- 4) жемістерден, көкөністерден және саңырауқұлақтардан;
- 5) сүтті, сүтті құрайтын, құрамында сүт бар өнімдерден әзірленген консервілердің, пресервілердің қауіпсіздігіне, сондай-ақ олардың тіршілік циклының үдерістеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (бұдан әрі - КО СЭҚ БТН) бойынша осы Техникалық регламентке қолдану аясына түсетін консервілер, пресервілер осы Техникалық регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

## **2. Қауіпті факторлар**

3. Консервілердің, пресервілердің тіршілік циклы үдерісінде туындайтын, адамның, қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барынша азайтылатын қауіпті факторларға:

- 1) биологиялық - консервілердің, пресервілердің тіршілік циклі үдерісінде қолданылатын, адамдар және азық-түлік шикізаты пайда болу көздері болып табылатын бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар және паразиттер;

- 2) химиялық - табиғи пайда болған немесе өндіріс үдерісінде енгізілген. Табиғи пайда болған химиялық факторларға аллергендер, микотоксиндер, гистамин, саңырауқұлақтардың токсиндері, моллюскалардың токсиндері, пирролиздинді алкоидтер; енгізілген химиялық факторларға полихлорирленген бифенилдер, пестицидтер, антибиотиктер, өсу гармондары, уытты элементтер, радионуклидтер, нитраттар, нитриттер, бенза(а)пирен, тазалайтын заттар, санитария заттары;

- 3) физикалық - консервілерді, пресервілерді өндіру үдерісінде пайда болатын шикізаттың, техникалық заттардың, орамның, тамақ қоспаларының және дайын өнімнің лас болуынан пайда болатын басқа қатты объектілер.

## **3. Бірдейлендіру**

4. Бірдейлендіруді консервілердің, пресервілердің олардың сипатталуына және (немесе) үлгісіне және (немесе) қасиеттеріне сәйкестігін растау үшін жеткілікті болып табылатын белгілер, параметрлер, көрсеткіштер мен талаптар бойынша жүргізіледі.

5. Консервілерді, пресервілерді бірдейлендіру стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда, нормативтік-техникалық құжаттамада, тұтыну орамының затбелгілеріндегі ақпаратта және осы консервілерді, пресервілерді сипаттайтын басқа да құжаттарда келтірілген белгілер ескере отырып жүргізіледі

6. Консервілерді, пресервілерді бірдейлендіру консервілердің, пресервілердің нақты атауына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік-техникалық құжаттама пайдаланыла отырып мынадай жолмен жүргізіледі:

1) консервілердің, пресервілердің топтамасын сипаттайтын құжаттарды талдау;

2) консервілерді, пресервілерді зерттеу және (немесе) сынақтан өткізу;

3) консервілердің, пресервілердің құжаттарын және зерттеулердің және (немесе) сынақтардың нәтижелерін талдау.

#### **4. Терминдер мен анықтамалар**

7. Осы Техникалық регламентте тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі және техникалық реттеу саласындағы заңнамада белгіленген, сондай-ақ осы Техникалық регламентте қолданылатын терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) аквадақыл өнімдері - су ағзалары (балық, моллюскалар, балдырлар, шаян тәрізділер);

2) балықтан (аквадақылдардан) әзірленген консервілер - құрамында нетто массасы кемінде елу пайыз болуы тиіс балық шикізатынан (аквадақылдардан) әзірленген консервілер;

3) балықтан (теңіз өнімдерінен) әзірленген пресервілер - нетто массасын кемінде алпыс бес пайыз балық (теңіз өнімдері - елу бес пайыздан кем емес) құрайтын, нөл градус Цельсийден аспайтын температура кезінде сақтауға жататын тағам қоспаларын, ингредиенттерді қоса отырып немесе қоспай сегіз пайыздан көп емес ас тұзының салмақтық үлесі бар балықтан (теңіз өнімдерінен) әзірленген пресервілер;

4) балық-өсімдік консервілері - балық шикізаты немесе теңіз өнімдері бөлігінің нетто массасы кемінде елу пайызды құрайтын балықтан немесе теңіз өнімдерінен, аквадақылдардан және өсімдік қоспаларынан әзірленген консервілері ;

5) джем (конфитюр) - қант немесе табиғи қант алмастырғыш қосып пісірілген , созылмалы ететін заттар, тағамдық қышқылдар, хош иісті заттар, бояғыштар және басқа да тағамдық қоспалар қосып немесе қоспай, бүтін, туралған немесе ірі етіп үгітілген жемістердің бір немесе бірнеше түрінен алынған созылмалы етілген консервілер;

6) (жемістерді, көкөністерді, саңырауқұлақтарды) бұқтыру жемістердің, көкөністердің, саңырауқұлақтардың қарайып кетпеуін болдырмау, сыртын алып тастау, нитриттер (нитраттар) құрамын азайту, ащы дәмін, өзіне тән иісін жою үшін аз уақыт аралығында өнімді қайнаған сумен немесе бумен өңдеу;

7) жартылай консервілер (пресервілер) - қамтылған ыдысқа тығындалған, қызуға төзімді емес ұрық пайда болдыратын микрофлораларды жоюды

камтамасыз ететін, ұрық пайда болдыратын микроағзалардың санын азайтатын және микробиологиялық тұрақтылыққа кепілдік беретін және алты градус Цельсийден жоғары емес және төмен температуралары кезінде шектелген сақтау мерзімі бойы өнімнің қауіпсіздігін, осы түрінде қолдануға дайын жылу өндеуге салынған тамақ өнімдері;

8) жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) желесі - бозартылған немесе бозартылмаған жеміс (көкөніс) шырындарынан, сығындыдан немесе жемістің (көкөністің) концентратталған шырындарынан, қанттан немесе қанттардан, және (немесе) қант алмастырғыштардан, және (немесе) тәттілеуіштерден, желелейтін заттардан, хош иістендіргіштен және (немесе) татымды хош иістендіргіш өсімдіктердің сығындылары, тағамдық органикалық қышқылдар, тағамдық бояғыштар мен консерванттар қосып немесе қоспай дайындалған, жемістің берік желелік консистенциясы бар жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) консервілері, бұл ретте жеміс (көкөніс) желесінде жемістер, көкөністер немесе олардың бөліктері, тұқым дәні және біркелкі бөлінген жалпы массада басқа да өсімдік құрамдас бөліктері болуы мүмкін;

9) жеміс (көкөніс) десерті - жаңа піскен, салқындатылған немесе тез мұздатылған бүтін және (немесе) кесілген және (немесе) бір немесе бірнеше түрдегі жемістен (көкөністен), қант немесе қанттар және (немесе) табиғи тәттілеуіштер, жарма немесе басқа да тағамдық ингредиенттер, қоюлатқыштар, тағамдық органикалық қышқылдар, тағамдық хош иістендіргіштер және тағам бояғыштарды қосып немесе қоспай дайындалған жеміс (көкөніс) консервілері;

10) жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) консервілері - бір немесе бірнеше жемістерден, көкөністерден, тамыржемісlerden, саңырауқұлақтардан, жаңа бүтін және (немесе) туралған немесе осы шикізат түрлерінің қоспасынан, су немесе шырын құйылған, тұз және (немесе) қант, көк-сөк, татымдылық және тамақ қышқылдарын қосып немесе қоспай жасалған консервілер;

11) жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) жартылай консервілері - жылу және (немесе) басқа өндеуге тартылған, герметикалық ыдыста, қолданысқа дайын, бекітілген шарттарда қысқа мерзімде сақтауға арналған жемістердің (көкөністердің, саңырауқұлақтардың) қайта өңделген өнімдері;

12) жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) тұздығы - ұсақталған және (немесе) үгітілген жаңа піскен жемістерден (көкөністерден, саңырауқұлақтардан) немесе олардың жартылай фабрикаттарынан, немесе жемістердің көкөністер мен саңырауқұлақ қоспасынан, дәмдеуіштерден дайындалған, қант, тұз, тағамдық органикалық қышқылдар және көк-сек қосылған немесе қосылмаған жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) консервілері;

13) жасанды өнім - балықты, етті, сүтті, жемістерді, көкөністерді, саңырауқұлақтарды, олардың комбинацияларын алмастыратын, берілген өнімге

мүмкіндігінше дәлдікпен органолептикалық көрсеткіштермен қалпына келтірілетін, бірақ басты шикізатты алмастыру таңдауымен ерекшеленетін ингредиенттер қолданылатын өнім;

14) ет консервілері - рецептурасында ет ингредиенттерінің массалық үлесі таза салмағы алпыс пайыздан кем емес құрайтын ет өнімдері ингредиенттерінің көпшілік үлесі құрайтын дайындалған консервілер;

15) ет-өсімдік консервілері - рецептурасында ет ингредиенттерінің массалық үлесінде нетто массасы отыздан көп емес және алпыстан аз емес пайыз болатын, өсімдіктен жасалған ингредиенттер пайдаланыла отырып, ет өнімдерінен әзірленген консервілер;

16) компоттар - су, қант сиробы немесе табиғи қант алмастырғыштардың ерітінділері құйылған, тағамдық қышқылдар қосып немесе қоспай бүтін немесе туралған бір немесе бірнеше жеміс түрлерінен алынған консервілер;

17) консервілер - белгіленген технологияға сәйкес қайта өңделген, ыдысқа салуға және герметизацияға дейін немесе кейін пастерлеген немесе стерилденген, сақтау шарттарын сақтау кезінде барлық жарамдылық мерзімінде микробиологиялық тұрақтылықты және сапаны сақтайтын және қолданысқа дайын тамақ өнімдері;

18) консервілеу - иондаушы сәулеленумен өңдеуді қоспағанда, микроағзалардың және биохимиялық үдерістердің тіршілік әрекетін бәсеңдетуді (тоқтатуды) және микробиологиялық тұрақтылықты және осындай өнім қауіпсіздігін белгіленген шарттарда оны сақтау кезінде қамтамасыз ететін тиісті ыдыста кейіннен ораманы көздейтін өңдеу тәсілдері (үрдістері);

19) консервілерді пастерлеу - бекітілген режим бойынша атмосфералық қысымда консервілерді, пресервілерді жылумен өңдеу, бірақ жүз градус Цельсиядан аспайды;

20) консервілердің (пресервілердің) пісуі - нәтижесінде консервілердің, пресервілердің берілген консистенциясы, дәмі мен иісі жететін, белгіленген бір мерзім ішінде болатын биохимиялық және физика-химиялық үдерістер;

21) консервілерді стерилдеу - артық атмосфера қысымында және жүз градус Цельсийден жоғары емес температурада консервілерді жылумен өңдеу;

22) консервілер, пресервілердегі бөгде қосындылар - туынды шикізат, ингредиенттер болып табылмайтын және оптикалық құралдарды қолданбайтын жеңіл танылатын немесе кез келген әдіспен анықталатын мөлшерлерде болатын және санитарлық ережелердің бұзылуына және өндіріс нормаларына көрсететін консервілердегі (пресервілердегі) заттар;

23) кетчуп - жаңа піскен томаттардан немесе дәмдеуіштер, тұз, қант, тағамдық органикалық қышқылдар, қоюландырғыштар, консистенцияны тұрақтандырғыштар, тағамдық хош иістендіргіштер, тағамдық бояғыштар және

консерванттар қосылған немесе қосылмаған томат өнімдерінен дайындалған томат тұздығы; кетчуп консервілер түрінде немесе жартылай фабрикат түрінде дайындалуы мүмкін;

24) маринадталған жемістер, (көкөністер, саңырауқұлақтар) - жана піскен, тұздалған немесе тез мұздатылған бүтін немесе кесілген бір немесе бірнеше түрдегі жемістерден (көкөністерден, саңырауқұлақтардан), ас тұзы және (немесе) қант, тағамдық органикалық қышқылдардың, дәмдеуіштер мен олардың сығындысының ерітіндісі құйылған тағамдық өсімдік майы мен көк-сөк қосып немесе қоспай дайындалған жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) консервілері;

25) өсімдік-ет консервілері - рецептурасында ет ингредиенттерінің массалық үлесі бестен кем емес және отыз пайыздан жоғары емес өсімдіктен жасалған ингредиенттер пайдаланыла отырып әзірленген консервілер;

26) өсімдік-балық консервілер - құрамында балық шикізатының үлесі нетто массасы елу пайыздан кем емес көкөністерден, жармалардан, макарондық бұйымдардан және балықтан әзірленген консервілер;

27) пасталар - тағамдық қышқылдар, қант, тағамдық қоспалар қосылып немесе қосылмай, үгіту және/немесе алдын ала ферменттік өңдеу арқылы алынған, құнарландырылған немесе құнарландырылмаған консервілер;

28) повидло - үгітілген жемістің бір немесе бірнеше түріне қант немесе табиғи қант алмастырғыштар қосып, тағамдық қышқылдар, созылмалы ететін заттар қосып немесе қоспай қайнату арқылы алынған созылмалы етілген немесе созылмалы етілмеген консервілер;

29) пастерленген уылдырық (консервілер) - қайнатпа тұзбен немесе тамақ қоспаларымен қайнатпа тұздың қоспасымен өңделген, түйірлі уылдырықтан әзірленген консервілер;

30) сүт (сүтті құрайтын, құрамында сүті бар) консервілері - өңдеу (стерильдеу, қойылу, кептіру, ортаның және орамның осматикалық қысымын арттыратын заттарды қосу) нәтижесінде ұзақ уақыт бойы елеулі өзгерістерге ұшырамай өз қасиетін сақтайтын сүт, сүтті құрайтын, құрамында сүті бар өнімдер;

31) сироптар - тағамдық қышқылдар, хош иісті заттар мен бояғыштар қосып немесе қоспай, жеміс шырындарына қант немесе табиғи қантты алмастырғыштар қосу арқылы алынған консервілер;

32) сироптағы жемістер (көкөністер) - жеміс бөлігінің массалық үлесі кемінде қырық бес пайызды құрайтын жаңа піскен, салқындатылған, тез мұздатылған немесе кептірілген, бүтін немесе кесілген бір немесе бірнеше түрдегі жемістен (көкөністен) немесе қанттан немесе қанттардан жасалған сироп құйылған, тағамдық органикалық қышқылдар, пектин немесе тұрақтандырғыштар қосып немесе қоспай дайындалған көкөніс (жеміс) консервілері;

33) сыни бақылау нүктесі - бақылау қолданылатын кезең, қауіпті факторларды ескерту және жою немесе оны қолайлы деңгейге дейін қысқарту үшін маңызды болып табылады;

34) термограмма а пастеризатор мен зарарсыздандырғыштарда тағам өнімдерін жылумен өңдеу режимінің графикалық бейнесі;

35) тосап - тағамдық қышқылдар, хош иісті заттар, бояғыштар, тәттілер қосып немесе қоспай, қант сиробы немесе табиғи қант алмастырғыштар қосып пісірілген, бүтін немесе туралған жемістен даярланған консервілер;

36) ұсақталған жемістер (көкөністер, саңырауқұлақтар) - қант және(немесе) тұз қосып немесе қоспай жасалған, шырыны мен артық жұмсағын бөлмей механикалық әсер ету жолымен белгіленген технологияға сәйкес дайындалған бүтін жаңа піскен немесе тез мұздатылған жемістерден алынған бөлшектерінің мөлшері үштен кем емес және бес миллиметрден аспайтын ұсақталған жеміс (көкөніс) массасын білдіретін жеміс (көкөніс) консервілері;

37) эксгаустирлеу у тығындау алдында өніммен толтырылған ыдыстан ауа шығару үрдісі.

### **5. Консервілердің, пресервілердің нарықтағы айналым шарттары**

8. Нарықта орналастыру кезінде консервілердің, пресервілердің осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, сонымен қатар оның қауіпсіздігін және қадағалануын растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз ету қажет.

Тұтынушыға консервілердің, пресервілердің осы Техникалық регламентке сәйкестігі туралы ақпарат таңбалау енгізу және консервілер, пресервілер қауіпсіздігін куәландыратын құжатты ұсыну арқылы жеткізіледі.

9. Консервілерді, пресервілерді өңдеу үдерістері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы № 158 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою кезінде пайдаланылатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігін уәкілетті органдардың келісу ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес уәкілетті органдармен келісілген болуы тиіс.

### **6. Консервілер, пресервілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

#### **6.1. Ет, ет-өсімдік және өсімдік-ет консервілерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

10. Ет, ет-өсімдік және өсімдік-ет консервілері тығыз қымталған және зарарсызданған болуы тиіс.

11. Минералды қоспалардың, өсімдіктен жасалған қоспалардың және өзге қоспалардың болуына жол берілмейді.

12. Консервілерде сүйектер, шеміршектер, сіңірлер, ірі қан тамырлары, дөрекі қосылатын талшықтар, лимфа және жүйке түйіндері болмауы тиіс.

13. Шошқа етіндегі терісінің консистенциясы жұмсақ болуы тиіс, сиыр, қой етінде терінің болуы рұқсат етілмейді.

14. Ет-өсімдік және өсімдік-ет консервілерінде жарма, макарон бұйымдары кесектерді жиырмау тиіс.

15. Құс етінен әзірленген консервілер үшін пестицидтердің, уытты элементтердің антибиотиктердің, нитрозаминдердің, нитраттардың, диоксиндердің қалдық мөлшері осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 1-кестесінде бекітілген рұқсат етілген деңгейден аспауы тиіс.

16. Еттен және барлық соғымдық және кәсіптік жануарлар субөнімдер консервілері үшін пестицидтердің, уытты элементтердің, нитрозаминдердің, антибиотиктердің, диоксиндердің қалдық мөлшері осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 1-кестесінде белгіленген рұқсат етілген деңгейден аспауы тиіс.

17. Ет-өсімдік және өсімдік-ет консервілері үшін, сондай-ақ құс өтінен, барлық соғымдық және кәсіпшілік жануарлардан жасалған консервілер үшін пестицидтердің, уытты элементтердің, нитрозаминдердің, нитраттардың, антибиотиктердің, нитрозаминдердің, нитраттардың, диоксиндердің қалдық мөлшері осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 1-кестесінде белгіленген рұқсат етілген деңгейден аспауы тиіс.

Радионуклидтер құрамының рұқсат етілген деңгейі осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 9-кестесінде белгіленген деңгейден аспауы тиіс.

18. Өнеркәсіптік стерильдігінің микробиологиялық көрсеткіштер бойынша А тобының және Д тобының ет, ет-өсімдік, өсімдік-ет консервілері осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

## **6.2. Балықтан, уылдырықтан, аквадақылдардан, балық-өсімдіктерден, өсімдік-балықтардан әзірленген консервілердің, пресервілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

19. Балықтан, уылдырықтан, аквадақылдардан, балық-өсімдіктер, өсімдік-балықтардан әзірленген консервілер тығыз қымталған, пастерленген және (немесе) зарарсызданған болуы тиіс.

20. Қабыршақтың және басқа қоспалардың болуына рұқсат етілмейді.

21. Аквадақылдардан әзірленген консервіде таңқышаян сауытының, ұлутастардың бөлшектері болмауы тиіс.

22. Ішек-қарындар, ірі жүзбеканаттар, жәндіктер, қабыршақ, омыртқа сүйек және қабырғаның ірі сүйектері алынып тасталуы тиіс, балықтың ұйыған қаны тазаланған болуы тиіс.



23. Консервілерде, пресервілерде пестицидтердің, уытты элементтердің, бензапиреннің, нитразаминдердің, диоксиндердің, полихлорирленген бинифилдердің, гистаминнің микробиологиялық көрсеткіштері, балықтан, уылдырықтан, аквадақылдардан, балық-өсімдіктерден, өсімдік-балықтардан әзірленген консервілер осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 2-кестесінде белгіленген рұқсат етілген деңгейінен аспауы тиіс.

Радионуклидтер құрамының рұқсат етілген деңгейі осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 9-кестесінде белгіленген деңгейден аспауы тиіс.

24. Өнеркәсіптік стерильдігінің микробиологиялық көрсеткіштері бойынша балық консервілері, уылдырықтан, балық-өсімдіктен, өсімдік-балықтылардан әзірленген консервілер, сондай-ақ А тобының және Д тобының аквадақылдардан әзірленген консервілер осы Техникалық регламентке 3-қосымшасының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Балықтан, уылдырықтан, аквадақылдардан және олардың қайта өңделген өнімдерінен әзірленген консервілер, пресервілер қауіпсіздігінің паразитологиялық көрсеткіштері бойынша осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 3, 4, 5, 6-кестелеріне сәйкес болуы тиіс.

### **6.3. Жемістерден, көкөністерден және саңырауқұлақтардан әзірленген консервілерге, жартылай консервілерге қойылатын талаптар**

25. Осы Техникалық регламенттің талаптары жалпы қабылданған жеміс-көкөніс консерві өнеркәсібінің мынадай топтарына жататын жемістертердің, көкөністердің және саңырауқұлақтардың қайта өңделген өнімдерін белгіленеді:

1) жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) жартылай консервілері;

2) жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) консервілері, соның ішінде: пасталар, сироптар, шәрбат, джем, қайнатпа, тұздық, кетчуп, маринадталған жемістер (көкөністер, саңырауқұлақтар), үгітілген жемістер (көкөністер, саңырауқұлақтар), желе, десерттер, сироптағы жемістер (көкөністер);

3) тұздалған көкөніс (саңырауқұлақ) өнімдер;

26. Жемістерден, көкөністерден және саңырауқұлақтардан әзірленген консервілер, жартылай консервілер тығыз жабылған, пастерленген және (немесе) зарарсызданған болуы тиіс.

27. Жемістерден, көкөністерден және саңырауқұлақтардан әзірленген консервілерде, пресервілерде ашыған майдың дәмі және өзге дәмнің және иістің болуы, минералды қоспалардың, өсімдік қоспалардың, жемістердің, көкөністердің дәрекі тұқымы болмауы тиіс.

28. Пестицидтердің, улы заттардың, нитраттардың, пестицидтердің, натрий сорбаттың және патулин микотоксиндердің рұқсат етілген қалдық деңгейі осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 7-кестесінде белгіленген.

Радионуклидтер құрамының рұқсат етілген деңгейі осы Техникалық регламентке 1-қосымшаның 9-кестесінде белгіленген деңгейден аспауы тиіс.

29. Өнеркәсіптік стерильдігінің микробиологиялық көрсеткіштер бойынша А тобының және Г тобының көкөніс консервілері осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

30. Өнеркәсіптік стерильдігінің микробиологиялық көрсеткіштері бойынша Б тобының томат өнімдерінің консервілері: (бүтін консервіленген томат, томат пастасы, томат тұздығы, кетчуптер және басқалар) осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

31. Өнеркәсіптік стерильдігінің микробиологиялық көрсеткіштері бойынша В тобының жемістерден, көкөністерден және саңырауқұлақтардан (көкөніс маринадтары, салаттар, винегреттер және басқа өнімдер) әзірленген қышқылы аз консервілер, жартылай консервілер осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

#### **6.4. Сүт консервілерінің қауіпсіздігіне қойылатын консервілер**

32. Осы Техникалық регламенттің талаптары мынадай сүт консервілерін түрлеріне белгіленеді:

- 1) концентрацияланған сүт;
- 2) қоюлатылған сүт;
- 3) құрғақ сүт.

33. Сүт консервілерінің түсі ақ, ақ ақшыл-кремді түсті немесе түсі сүт консервілеріне қосатын ингредиентке тән болуы тиіс.

34. Иісі мен дәмі жағымды, осы өнім түріне тән. Қайнатылған сүттің дәмі және иісі бола алады.

35. Сүт консервілерінде фосфатаз және (немесе) пероксидаз жіберілмейді.

36. Өнімде пестицидтердің, уытты элементтердің, микотоксиндердің, антибиотиктердің қалдық мөлшері осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 8-кестеде белгіленген нормалардан аспауы тиіс.

Радионуклидтер құрамының рұқсат етілген деңгейі осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 9-кестесіне белгіленген деңгейден аспауы тиіс.

37. Өнеркәсіптік стерильдігінің микробиологиялық көрсеткіштері бойынша А тобының қоюлатылған стерилденген сүт консервілері осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

#### **7. Консервілерді, пресервілерді өндіру (дайындау) үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

38. Консервілерді, пресервілерді өндіріуі кезінде осы Техникалық регламенттің талаптары сақталуы тиіс. Консервілерді, пресервілерді өндіру (дайындау) үдерістері Ережеге сәйкес уәкілетті органдармен келісілуі тиіс.

39. Консервілерді, пресервілерді өндіру бойынша объектілерді өндірістік объектілердің санитарлық-қорғау аймақтарында, тұрғын, әкімшілік және қабаттас-жапсарлас ғимараттарда орналастыруға жол берілмейді.

40. Консервілерді, пресервілерді өндіретін цехтар мен учаскелер техникалық және жем азықтық өнім өндіретін цехтардан толығымен оқшау болып, жеке кіретін есігі және тұрмыстық үй-жайы болуы тиіс.

Цехтарда жабдықтардың орналасуы жан-жақты ластанудың ең төменгі деңгейіне әкелетіндей болуы тиіс және технологиялық үдерістер толық бөлінген болуы тиіс.

41. Консервілер, пресервілер қауіпсіздігін өндірістік бақылауды жүзеге асыру үшін кәсіпорындарда жағдай жасалуы тиіс.

42. Консервілердің, пресервілердің қауіпсіздік көрсеткіштерінің зертханалық сынағын өткізу үшін стандарттау бойынша нормативтік құжаттар және белгіленген тәртіппен аттестатталған және (немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тізілімге енгізілген және тексерілген әдістемелер мен өлшеу құралдары қолданылуы тиіс.

43. Қауіпсіздікті өндірістік бақылау бағдарламасы мыналарды қамтуы тиіс:

1) технологиялық параметрлер, сондай-ақ осы нүктелерде бақылау жүргізудің кезеңділігі бақыланатын сыни бақылау нүктелерінің тізбесі мен сипаттамасы;

2) сыни бақылау нүктелерінде өлшенетін технологиялық параметрлердің тізбесі және осы параметрлердің жол берілетін мәндері;

3) технологиялық параметрлерді бақылау үшін қолданылатын өлшеу құралдары және оларды тексерудің кезеңділігі;

4) үй-жайларды, жабдықты және инвентарды санитарлық өңдеу тәртібі мен кезеңділігі;

5) туындаған сатысын көрсете отырып, туындаған ауытқуларды есепке алу және тіркеу;

6) ауытқулардың туындау себебін және уақытын анықтау;

7) технологиялық параметрлердің жол берілетін мәннен ауытқуы анықталған жағдайда түзету әрекеттерінің сипаттамасы.

44. Консервілерді, пресервілерді термиялық өңдеу кезінде стерилдеу үдерісін рұқсат етілмеген үзілістерді болдырмайтын термиялық өңдеу параметрлерінің бақылаудың автоматтандырылған жүйесі жабдықталуы тиіс.

45. Консервілерді, пресервілерді өндіру (дайындау) кезінде стерилдеудің, пастерлеудің белгіленген технологиялық режимі сақталуы тиіс. Бұл ретте температураның жоғарылау уақыты, стерилдеу (пастерлеу) ұзақтылығы, суыту, температураның ауытқуы және (немесе) стерилдеу (пастерлеу) үдерісінде орын алған қызудың ұзақтығы туралы нақты деректер міндетті тіркелуі тиіс.

Термограммада консервілердің атауы, стерилдеуді (пастерлеуді) жүзеге асыратын аппараттың, ауысым нөмірі, стерилдеу (пастерлеу) режимі, аппараттаушы тегі көрсетіледі.

Бұл ретте, жазу және тіркеу консервілердің, жеміс (көкөніс) жартылау консервілердің технологиялық үдерістері басталуының және аяқталуының уақытын міндетті белгілеумен кейіннен деректерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

46. Өндірістік үдерістерін бақыланатын параметрлері, пастерлеу, стерилдеу үдерісінің термограммалары туралы ақпаратты құрайтын жазбалар консервілердің, пресервілердің жарамдылық мерзімі аяқталған соң кемінде бір жыл сақталады.

47. Бірдей шарттарда жылу өңдеуден өткен барлық банкілерде топтаманы айыратын белгі болуы тиіс.

48. Консервілердің, пресервілердің уытты металдармен лақтау тәуекелін төмендету үшін технологиялық жабдықтың, тамақ өткізгіштің және өніммен байланысатын резервте сақтайтын ыдыстың үстіңгі бетінің жай-күйін бақылау қамтамасыз етілуі тиіс.

49. Өндіріс кезінде қолданылатын жабдықтар мен аспаптар консервілерді, пресервілерді өндіру және сақтау кезінде олардың қауіпті ластану факторларын болдырмауы тиіс.

50. Жабу консервілерде, пресервілерде ауаның болуын болдырмайтын жағдайларда ыдыстағыны эксгаустирлей отырып алдын ала және (немесе) бірізгілікте жүзеге асырылады.

51. Бомбажды және жарамсыз басқа да консервілер, пресервілер бөлек үй-жайда жарамсыз банкілердің дәл санын және оларды таңбалай отырып сақталуы тиіс.

### **7.1. Ет, ет-өсімдікті және өсімдікті-ет консервілерінің қауіпсіздігіне өндіріс үдерісінде қойылатын талаптар**

52. Ет, ет-өсімдік және өсімдікті-ет консервілері өндірісінде буланған етті, ет және бір реттен көп мұздатылған субөнімдерді, арық етті, майдың бұзылған белгілері бар етті, ашыған шпикті, сондай-ақ тұқымдық мал етін, жабайы аң етін қолдануға болмайды.

Бұлшық еттің және майдың өзгерген түсімен, бір реттен көп мұздатылған, қаны жаман шығарылған, арық құс етін қолдануға болмайды. Бұл ретте терісі таза, қауырсындарының (кендір) қалдығы және қылшықтары көрінген қауырсындары жоқ, қанталаусыз болуы тиіс.

53. «Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі № 407 қаулысымен

тізбесі бекітілген аса қауіпті мал ауруларымен зақымданған (жұқтырған) мал етін , өнімі мен шикізатын қолдануға рұқсат етілмейді.

54. Шартты бір жылдық ет және өндірістік жайларда пісірілген субөнімдерді зарасыздандыруға жол берілмейді.

55. Мүшелееу кезінде ұшаның аурулармен зақымданған және едәуір механикалық бүлінген жері алып тасталуы тиіс.

56. Қуырылған ет консервілерін әзірлеу кезінде эндогенді токсиндердің пайда болуына жол бермейтін алдына ала жылумен өңдеу режимі сақталуы тиіс.

57. Өнімді ыдысқа салу дайын өнімге бөтен заттар мен микроорганизмдердің түсуіне жол бермеу жағдайларында жүргізіледі.

58. Стерилдеуден кейін қалған микроорганизмдердің дамуы жою үшін ет, ет-өсімдік және өсімдік-ет консервілерін қарқынды салқындату үрдісі жүргізіледі

### **7.2. Балықтан, уылдырықтан, аквадақылдардан, балық-өсімдіктерінен, өсімдік-балықтан әзірленген консервілердің, пресервілерінің қауіпсіздігіне өндіріс үдерісінде қойылатын талаптар**

Мұздатылған, ауырған, түсі жаман таңқышаяндар, сондай-ақ аналық таңқышаяндар және таңқышаяндардың бұзылған қол-аяқтарының бөлшектері пайдаланылмауы тиіс.

60. Мұздатылған шикізат қоры мүшелейтін цехының сағаттық қажеттілігінен аспауы тиіс, мұздатылған шикізатты суда ұстауға рұқсат етілмейді.

61. Консервілерді өндіруге арналған мұздатылған бөлінбеген балық минус тоғыз градус Цельсиядан аспайтын температурада сақталды.

62. Балықтан, уылдырықтан, аквадақылдардан, балық-өсімдіктерден, өсімдік-балықтардан әзірленген консервілердің, пресервілердің өндіріс циклі бойынша қорытынды технологиялық операциялар дайын өнімнің қалыптасқан сапасын және қауіпсіздігін сақтайтын жағдайда жүргізіледі.

63. Балықтан, уылдырықтан, аквадақылдардан, балық-өсімдіктерінен, өсімдік-балықтардан әзірленген консервілердің, пресервілердің пісуі нөл градус Цельсий температурадан аспауы тиіс.

64. Балықтан, уылдырықтан, аквадақылдардан, балық-өсімдіктерден, өсімдік-балықтардан әзірленген консервілердің, пресервілердің пісуі белгіленген органолептикалық көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз етуі тиіс.

### **7.3. Жемістерден, көкөністерден, саңырауқұлақтардан әзірленген консервілердің, жартылай консервілердің қауіпсіздігіне өндіріс үдересінде қойылатын талаптар**

65. Жемістерден, көкөністерден, саңырауқұлақтардан әзірленген консервілер, жартылай консервілер өндірісінде қолданыстағы Қазақстан Республикасы

заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жуғыш және тазарту заттарын, дезинфекцияның химиялық заттарын консервілерде, пресервілерде олардың қалдықтары қалмайтын болған жағдайда қолдануға рұқсат беріледі.

66. Жемістер және көкөністерді суықты, консерванттарды және ферментті үдерістерді пайдалана отырып консервілеуге рұқсат беріледі.

67. Өндірісте микробиологиялық және басқа бұзылулардан және ластанулардан бос сапалы даналар (немесе шикізат бөліктерін) қолдануға рұқсат беріледі. Микробиологиялық бүлінуі болмайтын шикізаттың едәуір емес механикалық зақымдануына жол беріледі.

68. Жемістер және көкөністерден әзірленген шикізатты немесе жартылай фабрикатты алдын-ала жылумен өңдеу - булау, қуыру консервілердің, пресервілердің механикалық немесе микробиологиялық ластануын, сондай-ақ консервілер, жартылай консервілер құрамында эндогенді токсиканттардың пайда болуын және жиналуын болдырмайтын шарттарда белгіленген режим бойынша жасалады.

69. Өнімдерді өңдеу кезіндегі жылу операциясы өнімдерде эндогендік токсиканттардың пайда болуын болдырмайтын тиісті режим бойынша жүргізіледі.

70. Салу кезінде өнімнің немесе оның сұйық бөлігінің талап етілетін температурасын сақтау міндетті.

71. Жемістерден, көкөністерден, саңырауқұлақтардан әзірленген консервілердің, жартылай консервілердің пісуі белгіленген органолептикалық қасиеттерге қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

#### **7.4. Сүт консервілерінің қауіпсіздігіне өндіріс үдірісінде қойылатын талаптар**

72. Концентрациялау (қоюландыру) ылғалды ішінара алып тастағанда құрғақ заттардың массалық үлесі кемінде жиырма және тоқсан пайыздан аспайтын мәнге жеткенге дейін жүзеге асырылады.

#### **7.5 Консервілерді, пресервілерді буып-түю және таңбалау қауіпсіздігіне қойылатын талаптары**

73. Консервілерді, пресервілерді буып-түю мен таңбалау «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысының, сондай-ақ осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

74. Буып-түю және тығындау заттары осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес өнімнің сақталуын, оның ішінде тасымалдау және сақтау шарттарын сақтау кезінде барлық жарамдылық мерзімінде бірдейлендіру кезінде қолданылатын көрсеткіштерді қамтамасыз етуге тиіс.

75. Консервілердің, пресервілердің ыдысы мен орамасы қымталған және кез келген ластану мүмкіндігін болдырмауы, консерві өнімінің сақталуын және кепілдікті жарамдылық мерзімі ішінде тасымалдау, сату, сақтау кезінде қамтамасыз етуге тиіс.

Қорғаныш қабаты бұзылған, тесіп өткен сызаттары бар консервілерді, пресервілерді сатуға болмайды.

76. Құйылған консервілердің өндірісі кезінде әзірлеуші негізгі өнімнің пайыздық құрамын көрсетуге тиіс.

77. Таңбалауда органикалық қышқылдардың қолданысы туралы ақпарат көрсетілуге тиіс.

78. Таңбалау белгілері екі немесе үш қатарда (банканың диаметріне қарай) қақпақта немесе ішінара қақпақтың, ішінара табанында шартты белгілерін жыртпай, бірінші бомбожды шығырмен шектелген (немесе қаттылық шығырмен) алаңында болады.

79. Қақпағында және (немесе) табанында орналасқан ақпарат жасалған күнін; ассортименттік нөмірін (белгіні), әзірлеуші кәсіпкердің нөмірін; ауысым (бригаданың) нөмірін; өнеркәсіптік индексті қамтуы тиіс.

80. Жасанды өнім болып табылатын консервілерді, пресервілерді өндіру кезінде өндіруші өнім атауында негізгі шикізатты ауыстырушы болып табылатын шикізатты көрсетуге тиіс.

81. Түтіктердің төменгі жіңішке жолағында: ауысым нөмірі; дайындалған күні; дайындалған айы; дайындалған жыл; ассортимент нөмірі мөрленген болуы тиіс.

82. Концентрацияланған не қоюлатылған сүттен не құрғақ табиғи сүттен немесе құрғақ майсыздандырылған сүттен өндірілген сүт консервілерінің орамасының беткі жағында тиісінше: «концентрацияланған сүттен қалпына келтірілген», «қоюлатылған сүттен қалпына келтірілген», «құрғақ табиғи сүттен қалпына келтірілген» және «құрғақ майсыздандырылған сүттен қалпына келтірілген» деген сөздер көрсетіледі.». Бұл ретте өнімнің атауы және көрсетілген жазулар бір өлшемдегі қаріппен орындалуы тиіс.

83. Мал майы өсімдік майымен немесе өсімдік майының және мал майының қоспасымен ауыстырылған жағдайда міндетті түрде бұл туралы ақпарат орналастырылуы тиіс.

#### **8. Консервілерді, пресервілерді сақтау және тасымалдау қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

84. Консервілерді, пресервілерді сақтау олардың сақталуын қамтамасыз ететін шарттарда жүзеге асырылады.

85. Консервілерді, пресервілерді сақтау мен тасымалдаудың әзірлеуші белгілеген шарттары оны мерзімі осы техникалық регламентпен бекітілген талаптарға сәйкес қамтамасыз етуі тиіс.

86. Консервілерді, пресервілерді мұздатуға болмайды.

87. Консервілер тиісті көлік түрлерінде қолданыстағы тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарында тасымалданады.

88. Консервілерді, пресервілерді тасымалдау кезінде басқа тамақ өнімдерімен бірге олардың жанасуын, ластануын болдырмайтын жағдайды қамтамасыз ету қажет.

89. Консервілер, пресервілер патогенді немесе токсин түзетін микроорганизмдердің дамуына және оларды жұқтыруға кедергі болатын, консервілерді, пресервілерді, сондай-ақ кеміргіштер мен жәндіктерден қорғайтын және өнімнің немесе ыдыс сапасының төмендеуін болдырмайтын жағдайларда тасымалдануы тиіс.

### **9. Сәйкестікті растау**

90. Сәйкестікті растау тәртібі мен схемалары «Сәйкестікті растау рәсімдері туралы» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысымен белгіленген.

91. Сәйкестікті міндетті растауға жататын консервілер, пресервілер осы Техникалық регламентке 4-қосымшада көрсетілген.

### **10. Қолданысқа ену мерзімдері және шарттары**

92. Осы Техникалық регламент алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

93. Осы Техникалық регламент қолданысқа енгізілген сәттен бастап Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар осы Техникалық регламентке сәйкес келтірілгенге дейін осы Техникалық регламентке қайшы келмейтін бөлікте қолданыланады.

«Консервілер, пресервілер  
қауіпсіздігіне қойылатын талаптар»  
техникалық регламентіне  
1-қосымша

### **Техникалық регламенттің әрекетіне түскен консервілердің, пресервілердің кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлары номенклатурасы бойынша кодтары**

КО СЭҚ БТН коды	Позицияның атауы
0402	Қоюлатылған және қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылмаған сүт және кілегей:
0402 10	- құрамында 1,5 мас. %-дан аспайтын майы бар ұнтақ, түйіршікті немесе басқа да қатты түрлердегі:



	- - қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылмаған:
0402 10 110 0	- - - таза салмағы 2,5 кг-нан аспайтын бастапқы орамдардағы
0402 10 190 0	- - - өзгелері
	- - өзгелері:
0402 10 910 0	- - - таза салмағы 2,5 кг-нан аспайтын бастапқы орамдардағы
0402 10 990 0	- - - өзгелері
	- құрамында 1,5 мас. %-дан аспайтын майы бар ұнтақ, түйіршікті немесе басқа да қатты түрлердегі:
0402 21	- - қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылмаған:
	- - - 27 мас. %-дан астам майы бар:
0402 21 110 0	- - - - таза салмағы 2,5 кг-нан аспайтын бастапқы орамдардағы
	- - - - өзгелері:
0402 21 170 0	- - - - 11 мас. %-дан астам майы бар
0402 21 190 0	- - - - құрамында 11 мас. %-дан астам майы бар, бірақ 27 мас. %-дан аспайтын
	- - - - құрамында 27 мас. %-дан астам майы бар:
0402 21 910 0	- - - - таза салмағы 2,5 кг-нан аспайтын бастапқы орамдардағы
0402 21 990 0	- - - - өзгелері
